

## Мұғалжар ауданының жергілікті қоғамдастық жиналышының Регламентін бекіту туралы

Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 16 мамырдағы № 206 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Мұғалжар аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 4 маусымда № 3-9-203 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына және 39–3 бабының 3-1 тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы № 295 "Жергілікті қоғамдастық жиналышының үлгі регламентін бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15630 тіркелген) сәйкес Мұғалжар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған Мұғалжар ауданының жергілікті қоғамдастық жиналышының Регламенті бекітілсін.

2. "Мұғалжар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Мұғалжар аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Этalonдық бақылау банкіне ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қала, ауыл, ауылдық округтер үшін оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады, халық саны екі мың адам және одан аз ауыл, ауылдық округтер үшін 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мұғалжар аудандық  
мәслихатының хатшысы,  
сессия төрағасы

H. Қалиева

Мұғалжар аудандық  
мәслихатының 2018 жылғы  
16 мамырдағы № 206 шешіміне  
қосымша

## Мұғалжар ауданының жергілікті қоғамдастық жиналышының Регламенті

Ескерту. Регламент жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 18.07.2023 № 61 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Мұғалжар ауданының жергілікті қоғамдастық жиналышының Регламенті (бұдан әрі – Регламент) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Занының (бұдан әрі – Зан) 39-3 бабының 3-1 тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы № 295 "Жергілікті қоғамдастық жиналышының үлгі регламентін бекіту туралы" бүйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15630 тіркелген) сәйкес өзірленді.

2. Осы Регламентте қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастық жиналышы (бұдан әрі – жиналыш) – жергілікті қоғамдастық жиыны жіберген жергілікті қоғамдастық өкілдерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекте және тәртіппен жергілікті маңызы бар ағымдағы мәселелерді шешуге қатысуы;

3) жергілікті маңызы бар мәселелер – реттелуі Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс тұрғындарының басым бөлігінің құқықтары мен занды мұдделерін қамтамасыз етуге байланысты ауылдық округ, ауылдық округтің құрамына кірмейтін ауыл қызметінің мәселелері;

4) жергілікті өзін-өзі басқару – халық тікелей, сондай-ақ мәслихат және басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асыратын Занда, өзге де нормативтік құқықтық актілерде айқындалған тәртіппен жергілікті маңызы бар мәселелерді өзінің жауапкершілігімен дербес шешуге бағытталған қызмет;

5) жергілікті қоғамдастық жиналышының мүшесі – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекте және тәртіппен жергілікті маңызы бар ағымдағы мәселелерді шешуге жергілікті қоғамдастық жиыны жіберген жергілікті қоғамдастық өкілі.

3. Жергілікті қоғамдастық жиналышының құрамын қоғамдастық жиыны төрт жыл мерзімге айқындейды және жергілікті қоғамдастық жиыны жіберген кандидаттар қатарынан құрылады.

Жергілікті қоғамдастық жиыны жіберген жергілікті қоғамдастық жиналышы мүшелерінің (бұдан әрі – жиналыш мүшелері) саны аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ халқының жалпы санына байланысты айқындалады:

- 1) 10 мың халыққа дейін – жиналыштың 5-10 мүшесі;
- 2) 10-15 мың халық – жиналыштың 11-15 мүшесі;

- 3) 15-20 мың халық – жиналыштың 16-20 мүшесі;
- 4) 20 мыңнан астам халық – жиналыштың 21-25 мүшесі.

4. Жергілікті қоғамдастық жиналышының құрамын қалыптастыру кезінде бөлек жиындар өкілдерінің саны олардың халқының санына барабар айқындалады.

5. Бірнеше елді мекендерден тұратын әкімшілік-аумақтық бірлік үшін жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындары жіберген әрбір елді мекеннен кемінде бір өкіл қамтамасыз етіледі.

## **2-тарау. Жергілікті қоғамдастық жиналышына шақыруды жүргізу тәртібі**

6. Жиналыш жергілікті маңызы бар ағымдағы мәселелер бойынша өткізіледі:

бағдарламалық құжаттардың, жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламаларының жобаларын талқылау және қарau;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің жобасын және бюджеттің атқарылуы туралы есепті келісу;

аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттен берілетін нысаналы трансфертер есебінен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қоспағанда, бекітілген (нақтыланған) бюджет бойынша ағымдағы қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарлама шығыстары көлемінің жиырма пайызынан аспайтын көлемде қаражат бюджет шығыстарының құрылымын өзгертпей, бюджеттік мониторинг қорытындылары бойынша ағымдағы қаржы жылы ішінде бюджет қаражаты игерілмеген және (немесе) бюджеттік бағдарламалар тиімсіз орындалған кезде бюджеттік бағдарламалар арасында қайта бөлінген жағдайда, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетін түзетуді келісу;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігін (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігін) басқару жөніндегі ауылдық округ әкімі апаратының шешімдерін келісу;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің атқарылуын мониторингтеу мақсатында жиналышқа қатысушылар қатарынан жергілікті қоғамдастық комиссиясын құру;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің атқарылуына жүргізілген мониторинг нәтижелері туралы есепті тыңдау және талқылау;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округтің коммуналдық мүлкін иелікten шығаруды келісу;

Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында көзделген жағдайларда тиісті аумақта карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу (кушін жою) туралы, карантинді және (немесе) шектеу іс-шараларын белгілеу (алып тастау) туралы шешімдер қабылдауды, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялауды, сондай-ақ "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген мерзімдерде олар бойынша

ұсынымдар беруді көздейтін атқарушы органдардың, сондай-ақ әкімдердің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын қоспағанда жергілікті қоғамдастықтың өзекті мәселелерін, азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын талқылау;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін лауазымынан босату туралы мәселеге бастамашылық жасау;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын және тиісті аумақтарда орналасқан мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың басшыларын тағайындау бойынша ұсыныстар енгізу;

жергілікті қоғамдастықтың басқа да ағымдағы мәселелерін талқылау.

7. Жиналысты аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдері дербес не жиналыс мүшелерінің кемінде он пайызының бастамасы бойынша, бірақ тоқсанына кемінде бір рет шақырылады және өткізіледі.

Жиналыстың бастамашылары күн тәртібін көрсете отырып, әкімге еркін нысанда жазбаша өтініш жасайды.

Әкім үш жұмыс күні ішінде жазбаша өтінішті қарайды және шақырылымның орны мен уақытын көрсете отырып, жиналысты шақыру туралы шешім қабылдайды.

8. Заңың 39-3-бабы 3-тармағының 4-3) тармақшасында көзделген, жергілікті қоғамдастық жиналысының шақырылу уақыты, орны туралы жергілікті қоғамдастық жиналысының мүшелері жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік үш күннен кешіктірілмей хабардар етілетін жағдайды қоспағанда, жиналыстың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы жиналыстың мүшелері жиналыс өткізілетін күнген дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен хабардар етіледі.

Әкім аппараты жиналыстың қарауына енгізілетін мәселелер бойынша қажетті материалдарды жазбаша түрде, электрондық күжат нысаныда (электрондық цифрлық қотаңба арқылы қуәландырылған) немесе қүжаттардың электрондық көшірмесін жиналысқа шақырғанға дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей жиналыстың мүшелеріне және әкімге ұсынады.

9. Жиналысты шақыру алдында әкім аппараты жиналысқа қатысушы мүшелерді тіркеуді өткізеді, оның нәтижесін әкім немесе жиналысты шақыру басталғаннан бүрын ол уәкілеттік берген адам жариялайды және жиналыстың хаттамасына шақыруды өткізу орны мен уақытын көрсете отырып енгізеді.

Жиналысты шақыру оған жиналыс мүшелерінің кемінде жартысы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

10. Жиналысты шақыруды әкім немесе ол уәкілеттік берген адам ашады.

Жиналысты шақыруды жүргізу үшін ашық дауыс беру арқылы жиналыстың төрағасы мен хатшысы сайланады.

11. Жиналыстың күн тәртібін ауылдық округ әкімінің аппараты жиналыс мүшелері, тиісті аумақтың әкімі енгізген ұсыныстар негізінде қалыптастырады.

Күн тәртібіне өткен жиналыстарды шақыруда қабылданған шешімдер барысы және (немесе) орындалуы туралы мәселелер қосылады.

Жиналысты шақырудың күн тәртібі оны талқылау кезінде толықтырылуы және өзгертуі мүмкін.

Жиналысты шақырудың күн тәртібін жиналыс бекітеді.

Күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру жеке өткізіледі. Егер оған қытысып отырған жиналыс мүшелерінің көвшілігі дауыс берсе, мәселе күн тәртібіне енгізілді деп есептеледі.

12. Жиналысты аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі аппаратының, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың, сондай-ақ мәселелері жиналысты шақыруда қаралатын жеке және занды тұлғалардың өкілдері шақырылады. Сондай-ақ жиналысты шақыруға аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының депутаттары, бұқаралық ақпарат құралдарының және қоғамдық бірлестіктердің өкілдері қатыса алады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген шақырылған адамдар жиналыстың мүшелері болып табылмайды және шешімдер қабылдау кезінде дауыс беруге қатыспайды.

13. Жиналысты шақыруларда баяндамалар, қосымша баяндамалар, жарыссөзде сөйлеу үшін және жиналысқа шақыруды өткізу тәртібі бойынша сөз сөйлеу регламентін төраға айқынтайтының өкілдері шақырылады. Баяндамашылар мен қосымша баяндамашыларға сұраптарға жауап беру үшін уақыт бөлінеді. Егер сөз сөйлеуші бөлінген уақыттан асып кетсе, жиналыс төрағасы оның сөзін тоқтатады немесе шақырылымға қатысып отырған жиналыс мүшелерінің көвшілігінің келісімімен сөз сөйлеу уақытын ұзартады.

Жиналыс мүшесі бір мәселе бойынша екі реттен артық сөйлей алмайды. Жарыссөздердегі жиналыс мүшелерінің сауалдары, түсіндіру және сұраптарға жауап беру үшін сөйлеулері сөз сөйлеу деп есептелмейді. Баяндамашыларға сұраптар жазбаша немесе ауызша турде қойылады. Жазбаша сұраптар жиналыс төрағасына беріледі және жиналыс шақырылымында жарияланады.

Жиналыс төрағасы өз бастамасы бойынша немесе жиналыс мүшелерінің дәлелді ұсыныстары бойынша үзілістер жариялай алады.

Жиналыстың соңында жиналыстың мүшелеріне қысқа мәлімдемелер немесе хабарламалар жасау үшін уақыт беріледі, олар бойынша жарыссөз болмайды.

### **3-тарау. Жергілікті қоғамдастық жиналысының шешімдер қабылдау тәртібі**

14. Жиналыс өз өкілеттігі шеңберінде шақырылымға қатысып отырған жиналыс мүшелерінің көвшілік дауысымен шешімдер қабылдайды.

Дауыстар тең болған жағдайда жиналыстың төрағасы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

Жиналыстың шешімі хаттамамен ресімделеді, онда:

- 1) жиналыстың өткізілген күні мен орны;
- 2) жиналыс мүшелерінің саны және тізімі;
- 3) өзге де қатысушылардың саны және олардың аты, әкесінің аты, (болған жағдайда), тегі көрсетілген тізімі;
- 4) жиналыстың төрағасы мен хатшысының аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі ;
- 5) күн тәртібі, сөйленген сөздердің қысқаша мазмұны және қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Хаттамаға жиналыстың төрағасы мен хатшысы қол қояды және хаттама ауылдық округ әкімінің өкілеттігін тоқтату туралы мәселеге бастамашылық жасау туралы жергілікті қоғамдастық жиналысының шешімін қамтитын жағдайларды қоспағанда, жиналыс өткізілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде ауылдық округ әкіміне беріледі.

Ауылдық округ әкімінің өкілеттігін тоқтату туралы мәселеге бастамашылық жасау туралы шешімі бар жергілікті қоғамдастық жиналысының хаттамасына жиналыстың төрағасы мен хатшысы қол қояды және бес жұмыс күні ішінде Мұғалжар аудандық мәслихатының (бұдан әрі – аудандық мәслихат) қарауына беріледі.

15. Жиналыс қабылдаған шешімдерді ауылдық округ әкімі қарайды және ауылдық округ әкімінің аппараты бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жиналыс мүшелеріне жеткізеді.

16. Әкім жергілікті қоғамдастық жиналысының шешімімен келіспейтіндігін білдірген жағдайда, осы мәселелер осы Регламенттің 2-тарауында көзделген тәртіппен қайта талқылау арқылы шешіледі.

Ауылдық округ әкімінің келіспеушілігін тудырған мәселелерді шешу мүмкін болмаған жағдайда, мәселені жоғары тұрған әкім шешеді.

Ауылдық округ әкімі екі жұмыс күні ішінде жоғары тұрған әкімнің және аудандық мәслихаттың атына жергілікті қоғамдастық жиналысының хаттамасын жергілікті қоғамдастық жиналысы келіспеушілік тудырған мәселелерді қайтадан талқылағаннан кейін жібереді.

Бес жұмыс күні ішінде Заңның 11-бабында көзделген тәртіппен аудандық мәслихаттың таяудағы отырысында алдын ала талқылаудан және оның шешімінен кейін жоғары тұрған әкім шешім қабылдайды.

17. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдары, лауазымды адамдар өкілеттіктері шегінде жиналысты шақыруда қабылданған және ауылдық округ әкімі мақұлдаған шешімдердің орындалуын қамтамасыз етеді.

18. Жиналысты шақыруда қабылданған шешімдерді ауылдық округ әкімінің аппараты бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен таратады.

#### **4 тарау. Жергілікті қоғамдастық жиналысы шешімдерінің орындалуын бақылау**

19. Жиналыста жүйелі түрде жиналыстың шешімдерін орындауға жауапты адамдардың ақпараттары тындалады.

20. Шешімдерді орындаған немесе сапасыз орындаған жағдайда, тиісті ақпарат хаттамаға енгізіледі, оны жиналыстың төрағасы аудан (облыстық маңызы бар қала) әкіміне немесе жиналыстың шешімін орындауға жауапты лауазымды тұлғаның жоғары тұрған басшыларына жолдайды.

Қабылданған шешімдер қайта орындалмаған немесе сапасыз орындалған жағдайда, жиналыс аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі немесе тиісті лауазымды адамдардың жоғары тұрған басшылары алдында лауазымды адамдардың жауаптылығы туралы мәселеге бастамашылық жасайды.